

№ H00056 07.02.2021 жыл.

«Адамның рухани кемелденуі»

ДАУЛЕТКУЛОВА ЛЯЗЗАТ АМАНОВНА

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Әбжапар ауылы

№ 4 шағын орталықты орта мектебі

Өзін - өзі тану пән мұғалімі

Қазіргі заманда ғылым мен білім, ақпараттық технология, техника қаншалықты қарыштап дамыған сайын, адамның бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерінің соншалықты төмендеп бара жатқанын күнделікті өмірде көріп отырмыз. Атап айтар болсақ: тастанды бала, қарттар үйі, қатыгездік, табиғатты ластау, ағашты кесу, алдап соғу, жемқорлық, өлтіріп кету, өз-өзіне қол салу, т. б. толып жатыр. Адамзаттың ең асылы – «адам» деп қарайтын болсақ, онда адамның азғындауына не себеп? Әлде заман кінәлі ме? – деген сұрақтар туындайды. Көпшілігі «заманына қарай адамы » деген принциппен өмір суруде. Ал, заманды құрайтын адам емес пе? Міне, сонда барлығы қайтадан адамға келіп тіреледі. Сондықтан күллі әлемді сақтап қалатын бірден- бір жол рухани адамгершілік білім екені даусыз. Ал, адамның жүрегіне нұр құятын, риясыз сүйіспеншілікпен рухани бастауға жетелейтін, ол – ұстаз. Рухани- адамгершілік білімнің негізі болып табылатын «Өзін- өзі тану» жобасының авторы С. А. Назарбаева «Өмір әдебі» деген кітабында: «Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу әр адамның міндеттерінің міндеті екендігіне сенімдімін» дей келе, оған тек жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту арқылы ғана жетуге болатынын атап көрсетті. Сонымен қатар: «Алланың алдында бәріміз бірдейміз. Әрқайсысымыздың жолымыз, өмірлік міндетіміз бар, бірақ бәрімізге ортақ міндет – жан дүниеміздегі махаббаттың сөнбейтін шырағын жаға отырып, Адам боп қалу!» деп адамшылықты бірінші орынға қояды. Бүгінгі таңдағы жас ұрпаққа беріліп жатқан тәрбиенің түрлерін алып қарайтын болсақ, ақыл- ой тәрбиесін математика сабағы, дене тәрбиесін дене шынықтыру сабағы дамытатын болса, патриоттық тәрбиені тарих сабағында, эстетикалық тәрбие музыка, әдеп сабақтарында беріледі. Ал адамгершілік тәрбиесі тек сынып сағатымен шектеліп қалды. Аптасына бір рет болатын сынып сағатында шешімін таппай жүрген түйінді мәселелердің көп екенін ескерсек, тәрбие бағытына уақыттың қалмайтыны да белгілі. Ал, түсінген кісіге жас ұрпақ тәрбиесі үшін, жалпыадамзат үшін «Өзін –өзі тану» пәнінің алатын орны ерекше.

Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту мен тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады.

Қоғамның осындай қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі жобасының авторы, еліміздің Бірінші Ханымы Сара Алпысқызы тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпыадамзаттық құндылықтарға үйрету мәселесін көтерді. Жоба авторы «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасының мәнін ешкімге еліктемей, өзіндік тұлғасын сақтап қалу; өз мүмкіндіктерін, дарынын дамыта білу; міндетті түрде «жақсы» мен «жаманды» ажырата білу; өзінің ниетіне, сөзіне және іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау; өзімен және қоршаған ортамен жарасымды өмір сүру; адамдарға әрқашан қолынан келгенше көмектесу; өзінің ішкі «Менін» жоғалтпай, ар-ұжданымен өмір сүру; қоғамның игілігі үшін еңбек ету, үнемі кемелденіп отыру деп түсінеді. Мұның барлығы – үйлесімді дамыған адамның негізгі өмірлік ұстанымдары, яғни «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасы болып табылады.

«Өзін өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының тарихи негіздеріне көз жүгіртіп, қарайтын болсақ, әлемдік рухани тұлғалардың философиялық ойларынан, яғни, Сократтың заманынан бастау алатынын көруге болады.

Оқыту үрдісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы адамның рухани өсуіне жағдай жасаймыз. Мәңгілік құндылықтар білімнің негізгі өзегі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның бойынан жарыққа шығару ізгілікке апарады, яғни, мінезін өзгертуге болады. Адамның жақсылыққа ұмтылуы, ақиқатқа жүгінуі оның болмысынан ішкі жан дүниесінде бес құндылықтың бар екенінің дәлелі емес пе? Егер осы құндылықтарды ағашқа теңеп көрсек, ағаштың тамыры – мәңгілік құндылықтар, оны ақиқатқа теңейміз. Ағашқа құятын суды, сүйіспеншілік деп алайық.

Егер мәңгілік құндылықтарды, ақиқатты, сүйіспеншілікпен түсінсек, суарсақ, әрқашан әрекетіміз дұрыс болады. Яғни, ағаштың діңі түзу өседі. Әрекетіміз дұрыс болса, ішімізде тыныштық орнайды. Яғни, ағаш бүршік жарады. Ішімізде тыныштық орнаса, біз ешқашан қиянат жасамаймыз, тіпті ойламаймыз да. Яғни ағаш жемісін береді. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау - бұл мәңгілік бес құндылық адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын, уақытпен өзгермейтін құбылыс.

Адамның руханияты мен мәдениетінің жиынтығы, яғни, ата, әжелеріміздің даналығы. Бүгінгі таңда рухани білім әлемге ауадай қажет болып тұр. Сондықтан әр адамның ақыл ойын жаңғыртып, санасын өзгерту керек, сонда әлем де жаңарып, өзгереді.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі.»

Әл-Фараби

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі- жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Балаларда ортақ пайдалы жұмысты істеуге тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылдану, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте-бірте қалыптастырады.

№ I00031. 11.02.2021 жыл.

**Музыкатерапия арқылы ерекше қажеттіліктері
бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту**

БИЖАНОВА ЛАУРА ЖАМБЫЛҚЫЗЫ

Нұр-Сұлтан қаласы. «№ 65 мектеп-гимназия» КММ

Музыка пәні мұғалімі

Музыкатерапия – музыка арқылы эмоциялық жағдайды қалпына келтіру құралы ретінде, коммуникативтік қиындықтар кезінде пайдаланатын; қорқыныш, қимыл-қозғалыс және сөйлеу бұзылуы, психосоматикалық аурулар, мінез-құлық ауытқуын жою бағытында қолданатын әдіс.

Музыкатерапияны анықтайтын негізгі және басты міндеті - музыкалық және шығармашылық қабілеттіліктерінің қалыптасуы мен дамуы, эмоционалдық ортаның кеңейуі және дамуы, музыка тәсілдерімен ауторелаксацияға үйретуі, адамгершілік қасиеттерінің дамуы болып келеді.

Музыкатерапия мені ерекше қажеттіліктері бар балалармен ынтымақтастыққа бейімдейді және түрлі көркем қызметтерді кіріктіруге бағдарлайды. Сондықтан да, мен музыкатерапияны ойын-сауықтарда, ойындарда, күнделікті қызметтерде де қолданамын.

Музыкатерапия жаттығуларының барлық элементтері музыкалық қимыл-қозғалыс қабілеттерінің даму тәсілі ретінде ғана емес, сонымен қатар, психикалық барысы: зейіннің, есте сақтау қабілетінің, қалауының, шығармашылық қиялының, сондай-ақ, босаңсу амалы, зейін аударуы немесе көңіл-күйін көтеруі ретінде де пайдалануға мүмкіндік береді.

Мысалы, оқу қызметтерінде би композицияларын сергіту жаттығу ретінде қолданамын. Композицияларды көңілді, шапшаң музыка негізінде алған кезде, балалардың көңіл күйлері көтеріліп, зейіндерін жандандыруға мүмкіндік пайда болады.

Музыкатерапия оқу қызметтерін белгілі схема бойынша құрамын:

Ширату. Қимылды және ырғақты жаттығулар.

Негізгі бөлім: музыка тыңдау, әндету, би, ойындар, балалар музыкалық аспабында ойнау, сахналау.

Музыкалық релаксация. Аутотренинг (диск)

Ұйымдастырылған оқу қызметіне түрлі музыкалық қызмет барысын енгіземін, олар: әндету, музыка тыңдау, музыкалық-ырғақтық қимылдар, музыкалық балалар аспаптарында ойнау және де міндетті түрде сахналау элементтері (интерактивтік тақта қолдану арқылы).

Би, мимика, ым жүйкеге күш салуды басуымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балалардың бір-бірімен достасуына, өзімен де жағымды қарым-қатынас орнатуыма көмектеседі, және белгілі психотерапевтік нәтиже береді.

1. «Төлдер» Б.Ғизатов.

Үй жануарлар қимылдарын ыммен көрсетіп жәй екпінде адымдау.

Қимылдық жаттығулар.

1.«Мерекелік марш».Б.Дәлденбаев

Өзін мерекеге келе жатырғандай елестету. Батыл, табанды адыммен жүру.

2. «Мысығым» М.Әубәкіров.

Шеңбер бойымен жүру, әр тактінің «бір» санына адымдау. Бірқалыпты қимылдар, дене ауырлығын бір аяқтан екінші аяққа көшіру.

3. «Қызы-жасыл көбелек».Т.Тайбеков

Көбелекті бейнелеу барысында, қанаттарын қағып, жеңіл, серіппелі адымдар.

4. «Миллион раушан гүл» Р.Әлқожа репертуарынан.

Балалар әр тактіге, гүлге сүйсіне қарайлап, бір-біріне шеңбер бойымен береді.

Тыныс алу жаттығулары. (картотека)

Кез келген күйзеліс, ол қуаныш болсын, ашу қаһары болсын, бұлшық еттерге күш түсірумен аяқталады. Осы кезде тыныс алу жаттығулары бұлшық еттерінің тырысуын жазуға көмектеседі.

Тыныс алу жаттығулары сондай-ақ психо-эмоционалдық шиеленесуді шешуге, балалардың өзара қарым-қатынастарын жеңіл орнатуға көмектеседі. Бұл жаттығуларға бейнелі атаулар берілгендіктен, оларды қалай орындау керектігінің түсіне білу сапасы жақсарады.

1. «Күнге сәлем!»-сергітетін тыныс.

I. Жәймен ішке, кеудеге, кеңірдекке демді алу, қолдар біртіндеп көтеріледі, қол буындары еркін бос тұрады.

II. «Ха» буынына демді қатты кері шығару, қол буындары беті тұсынан айналып, жоғары лақтырылады, соңынан қолдар жәймен төменге түседі.

2. «Сауылмаған сиыр»- Тамақ және мойын тұсындағы бұлшық ет қысымын түсіреді. Мұрын және ауызбен қатар демді аламыз, сосын иегімізді түсіріп, кез келген әуенді міңгірлеп әндетіп, демді мұрынымыздан шығарамыз.

3. «Тоқ жылқы»- Бас және бет бұлшық еттерінің босаңсуы.

Жаттығу жылқының ұзақ пырылдауын салудан құралады. Демді ауыздан шығарғанда беттің барлық бұлшық еттерін еркін дірілдеу үшін босатып, ауыздан демді шығару.

4. «Раушан хош иісі» - босаңсыған тыныс.

Үлкен де әдемі раушан гүл шоғын көз алдымызға елестетіп, гүлдердің қиялдағы хош иісін иіскеу.

5. «Әскери шеру»- айқай арқылы эмоцияны шығару және жүйке жүйесін жандандыру мақсатындағы сахналау.

Балалар өздерін шерудегі жауынгерлердей елестетіп, сапқа тұрады. Үш есе қатты «Ура!» деп айқайлап, амандасуға жауап беріп үйренеді.

Музыканы қабылдау.

Ерекше қажеттіліктері бар бала тыңдалған музыкадан әсер алуы үшін балаға алдын ала бағыт беріп, дайындау қажет: денесін босатып және музыка дыбыстарына көңіл аударып, денесін ыңғайлы ұстап отыру. Музыканы қабылдау – ол жан толғанысын анықтау болып келеді. Кез келген музыка – ол әркез сезімдер, жан толғаныстары, әсерленуі.

Музыкатерапияға, релаксацияға мен көбіне мына шығармаларды қолданамын:

Мысалы:

1. Өмірлік қуаттарын жандандыруға арналған жаттығу.

«Біз шадыман баламыз» Ә.Бейсеуов

2. Босаңсуға және күйгелектіктерін жоюға арналған жаттығу.

Д. Шостакович «Овод» фильмінен музыка.(диск)

3. Көтеріңкі көңіл күй қалыптастыратын жаттығу.

4.«Радость жизни»муз. Ж. Бизе.(диск)

Әлемге деген көзқарасын қалыптастыратын жаттығу.

«Айналайын, анашым» Ө.Байділдаев.

5. Ұялшақтық, ұяңдық сезімін жеңе білуге, ізденіске арналған жаттығу. «Я все умею»И. Брамс.

Бұл шығармалар атаулары музыкада берілетін көңіл күйді білдіреді. Балалар сезімдерді түсінуге, көңіл күй ерекшеліктерін ажыратуға, қуана білуге, жағымды эмоциялармен оқталуға үйренеді.

Мен күнделікті оқу қызметінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелеймін. Ән салу арқылы баланың дауыс ырғағын кеңейтемін. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды ән айтқызып жаттықтыру арқылы, бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамын.

Би бөлімінде музыканың әуен-ырғағымен орындалатын арнайы жаттығулар арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың музыкалық ырғақты сезінуін қалыптастырамын. Әуен сазын түсініп, сәнді қимылдар жасай білуге үйретемін. Дене жаттығулары арқылы баланың бұлшық етінің дамуына және омыртқаларының тіке болуын қалыптастырамын. Музыкалық әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандырамын.

№ I00071. 13.02.2021 жыл.

Қазақ тілі 3-сынып. Зат есімнің тәуелденуі.

САГИНОВА ЖАЙЛАН КУРМАНГАЛИЕВНА
 Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы
 № 9 жалпы орта білім беретін мектебі
 Бастауыш сынып мұғалімі

Күні	Мұғалімнің есімі:	
ПӘНІ: Қазақ тілі	Мектеп:	Сыныбы: 3
Сабақтың тақырыбы: Зат есімнің тәуелденуі. 38-43 жаттығу		
Сабақ негізделген оқу мақсаттары	Тәуелдік жалғауының тәуелдік ұғымын білдіретінін, үш жағы болатынын және олардың I,II жақтарының адамға меншікті айтылатынын, III жақ адамға да, басқа заттарға қатысты екенін ұғындыру. Жаттығу барысында сөзді дұрыс тәуелдей білу дағдыларын арттыру	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:	
	Тәуелдік жалғауының тәуелдік ұғымын білдіретінін, үш жағы болатынын және олардың I,II жақтарының адамға меншікті айтылатынын, III жақ адамға да, басқа заттарға қатысты екенін түсінеді	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Тәуелдік жалғауының тәуелдік ұғымын білдіретінін, үш жағы болатынын және олардың I,II жақтарының адамға меншікті айтылатынын, III жақ адамға да, басқа заттарға қатысты екенін түсінеді	
	Кейбір оқушылар:	
Тәуелдік жалғауының тәуелдік ұғымын білдіретінін, үш жағы болатынын және олардың I,II жақтарының адамға меншікті айтылатынын, III жақ адамға да, басқа заттарға қатысты екенін ұғынады. Жаттығу барысында сөзді дұрыс тәуелдей білу дағдыларын игереді		
Тілдік мақсат	Оқушылар:	
	Тәуелдік жалғауының тәуелдік ұғымын білдіретінін, үш жағы болатынын және олардың I,II жақтарының адамға меншікті айтылатынын, III жақ адамға да, басқа заттарға қатысты екенін түсінеді.	
		Негізгі сөздер мен тіркестер:

	Тәуелдік жалғау, жекеше, көпше	
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:	
	<i>Талқылауға арналған тармақтар:</i>	
	Тәуелдік жалғауларды дұрыс қолдану	
	Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?	
	39-жаттығу	
	<i>Жазылым бойынша ұсыныстар:</i>	
	Жаттығудың тапсырмаларын орындай отырып, сөйлемдерді жазады	
Алдыңғы оқу	Негізгі және туынды зат есім	
Жоспар		
Әдіс-тәсілі	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Психологиялық ахуал	«Бес» болсын алар бағамыз Білімнен бақыт табамыз. Өнер-білім көп оқып, Өсе берсін санамыз.	
Мағынаны ашу	-Балалар бүгінгі сабақта біз сендермен жаңа тақырыппен танысамыз. Ол зат есімнің тәуелденуі.(Ең алдымен мұғалім меншік, тәуелді, ие деген сөздердің мағынасын ашады. Мысалы, мынау менің қаламым, дәптерім, кітабым т.с.с Мұнан соң менің, сенің, сіздің, оның деген сөздер заттың иесін білдіретіндігі түсіндіріледі.)	
Көру диктанты	-Тәуелдік жалғаудың I,II жағы әрқашан адамға қатысты болса, III жағы адамға да, заттарға да қатысты бола береді. Мысал келтіру.	
Оқулықпен жұмыс	Менің кітабым өте қызықты. Сендер дәптеріңді ашып қойыңдар. Бұл сіздің журналыңыз . Ол қылқаламын алды. -Қарамен жазылғын сөздерге назар аудар.	
Дәптермен жұмыс	38-жаттығу (жазбаша). Сөйлемдерді оқы. Суретпен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажыратады <i>Менің сағатым үйде қалды. Сенің мысығың</i>	

<p>Ережені еске сақта!</p>	<p><i>терезенің алдында отыр. Жақсылықтың қаламы партаның үстінде жатыр.</i></p> <p>Сөздерге жалғанған қосымшалардың қандай мағынаны білдіріп тұрғанын байқайды 39-жаттығу.(жазбаша) Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп жазайық. Менің анам, қолым, қозым етігім Сенің анаң, қолың, қозың ,етігің Сіздің анаңыз, қолыңыз, қозыңыз, етігіңіз Оның анасы, қолы, қозысы, етігі Біздің анамыз, қолымыз, қозымыз, етігіміз Сендердің аналарың, қолдарың, қозыларың, етіктеріңіз Сіздердің аналарыңыз, қолдарыңыз, қозыларыңыз, етіктеріңіз Олардың аналары, қолдары, қозылары, етіктері.</p> <p>Заттың біркүге меншікті екенін білдіретін жалғауларды жалғаулар дейміз.</p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td>Жекеше</td> <td>Көпше</td> </tr> <tr> <td><i>I</i>жақ Менің досым</td> <td>Біздің достарымыз</td> </tr> <tr> <td><i>II</i>жақ Сенің досың</td> <td>Сендердің достарың</td> </tr> <tr> <td>Сіздің досыңыз</td> <td>Сіздердің достарыңыз</td> </tr> <tr> <td><i>III</i>жақ Оның досы</td> <td>Олардың достары</td> </tr> </table> <p>40-жаттығу (жазбаша) Жұмбақты оқып, шешуін табады Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ желиді Аузы жоқ ұлиды. (жел) -Тәуелдік жалғауы қай жақта айтылып тұр? Сұрақ қой.</p> <p>5-жаттығу (ауызша) Кестеге орналастыру Менің сенің сіздің оның Добым добың дәптеріңіз добы Дәптерім дәптерің дәптері біздің сендердің сіздердің олардың оқушыларымыз оқушыларың оқушыларыңыз оқушылары</p>	Жекеше	Көпше	<i>I</i> жақ Менің досым	Біздің достарымыз	<i>II</i> жақ Сенің досың	Сендердің достарың	Сіздің досыңыз	Сіздердің достарыңыз	<i>III</i> жақ Оның досы	Олардың достары	
Жекеше	Көпше											
<i>I</i> жақ Менің досым	Біздің достарымыз											
<i>II</i> жақ Сенің досың	Сендердің достарың											
Сіздің досыңыз	Сіздердің достарыңыз											
<i>III</i> жақ Оның досы	Олардың достары											
<p>Үйге тапсырма</p>	<p>41-жаттығу</p>											

Кері байланыс	«Тазалық» әдісі арқылы қорытындылайды		
Қосымша ақпарат			
<p>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</p>	
<p>қабілеті жоғары оқушыларға <i>сөздерді тәуелдейді</i></p>	<p>Смайликтер арқылы көңіл-күйді анықтауды үйренеді.</p>	<p>Әдебиеттік оқу, дүниетану Топтық жұмыстарда құралдарды сақтықпен пайдалану</p>	
<p>Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Қорытынды бағамдау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2:</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: 2:</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>			

№ J00042. 15.02.2021 жыл.

Көркем әдебиет. Жаңбырлы Күн.

ЖАНАБЕРГЕНОВА КАРЛЫГ АШ ЖУМАЛИЕВНА

БҚО. Ақжайық ауданы. Сайқұдық ауылы.

*Ж.Молдағалиев атындағы ОЖББ мектеп жанындағы
Тәрбиеші*

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сурет салу

Тақырыбы: Жаңбырлы күн

Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып, өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету. Жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Бейнелеген заттарын музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, ептілік пен жинақылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын құралдар: Көгілдір түсті бояу, ақ қағаз, губка, су, сүрткіш.

Әрекет кезеңдері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотив-қозғ-қ	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын шешуін табыңдар. Тырс-тырс тамады, Тереземді қағады. - Балалар бүгін күн қандай ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұрма? - Балалар тақтадағы суретке мұқият қараңдаршы, бұл не? -Түсі қандай? -Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі? Қане тыңдап көрейік Жетекші столдың үстін саусақтарымен тырсылдатып жаңбыр дыбысын бейнелейді. Көркем сөз оқып беру.	Балалар жұмбақтың шешімін табады. Жаңбыр. Бүгін күн салқын аспанда бұлт торлаған.Күн бұлттанса жаңбыр жауады. Балалар суретке назар аударады. Бұлт Түсі көк Тырс- тырс еткен дыбыс шығады.

	<p>Жаңбыр жаңбыр жауады, Бәрін суға малады. Біз қарындаш аламыз, Тамшыларды саламыз.</p>	<p>Жетекшінің жасағаны балалар өздері де жасап көреді. Балалар жетекшімен бірге қайталайды.</p>
<p>Іздену-к ұйым-қ</p>	<p>- Балалар жаңбыр жаумас бұрын алдымен аспанда не пайда болады? - Олай болса алдымен қағаз бетіне бұлтты салып аламыз. Бұлт қоюланғанда түсі сұр болады.Енді жаңбыр тамшыларын қағазға былай түсіреміз(салу тәсілін көрсетеді) Губканың бұрышын ақ түсті бояуға батырып алып, бір рет бастыру арқылы тамшы бейнесін түсіреді. Қылқаламмен сүйкей жағып,дақтар түсіру тәсілімен де орындауға болады.Қағаз бетіне біркелкі шашырата салу қадағаланады. Жұмыстарына басшылық жасалады. Аяқтаған жұмыстарын ауызша бағалау. Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ойнатылады. Үйретілген жаңа әдістермен сурет салғызып, алған білімдері мен іскерліктерін бекітеді. Мұнда дақтарды біркелкі түсіруге дағдыландыру қажет. Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігінде сәбіз қызылша т. б. көкөністер салынған немесе қиып жапсырылған. Көкөністердің шөлін қандыру үшін, нөсер жаңбыр жауғызуымыз қажет деген тапсырма беріледі.</p>	<p>- Бұлт пайда болады. Балалар бұлттың суретін салуға кіріседі.Бұлтты сұр түспен бояйды. Балалар өздері жаңбыр тамшыларын бейнелейді. «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» қимылды ойынын ойнайды.</p>

Рефлекс коррек	Жетекші тақырыпты сұрақтар қоя отырып қорытындылайды жақсы салынған суреттерді бағалап балалар мадақталады.	Балалар өздері салған суреттерін әңгімелеп береді.
-------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Табиғат құбылыстары жайлы түсінік, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі.

Игереді: Жаңбырдың түрлерін және оны қағаз бетіне түсіру ерекшеліктерін. Губкамен немесе қылқаламмен қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын сала білу дағдысы қалыптасады.

Меңгереді: Қағаз бетінде атаулы суретті дұрыс орналастырып қолдана алуды, жұмысты орындау барысында қойылған талаптарды дұрыс сақтай білу меңгереді.

№ J00047. 18.02.2021 жыл.

Цифровизация образования - требование времени

ПАРМЕНОВА МЕНТАЙ ТАЖИБАЕВНА

Түркістан облысы. Ордабасы ауданы. Шұбарсу ауылы

«М.Исламқұлов атындағы ЖОМ» КММ

Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Новые цифровые технологии позволяют решать ключевые задачи образования, не решаемые или плохо решаемые современной российской школой на основе традиционных технологий.

Среди этих задач:

- интеллектуальное и эмоциональное вовлечение школьников в образовательный процесс;
- устойчивое достижение образовательных результатов группой «отстающих» школьников (школьников с особенностями восприятия и поведения);
- соразмерная и своевременная поддержка школьников с высокими способностями;
- устранение перегрузки учителей рутинными задачами, высвобождение их времени для творческой и воспитательной работы;
- преодоление ограниченности доступных в школьном обучении образовательных ресурсов;
- освоение современных цифровых технологий, прежде всего — в их применении, возможность выбора из широкого набора технологий, а также производственных и иных квалификаций реальной экономики; перестройка методик общеобразовательной школы, в частности внедрение игровых, проектных, соревновательных и коллективных методик на основе использования цифровых инструментов.

Реализация программы «Цифровой Казахстан» рассчитана на 2018-2022 годы. Она подразумевает повсеместное внедрение информационных цифровых технологий с целью улучшения жизни казахстанцев. Развитые информационно-коммуникационные среды, IT-инкубаторы, электронные государственные услуги, электронная коммерция, цифровые библиотеки, блокчейн технологии, кибербезопасность, электронная логистика, умные города и дома, и это еще не весь перечень направлений, которые охватывает цифровизация.

Глобальные тренды диктуют, - чтобы государство могло полноценно жить и развиваться – необходимы инновации и в этом контексте цифровые инновации приобретают особый смысл, и особую роль двигателя прогресса.

Сегодня Казахстан стал не только местом, где активно используют и внедряют передовые цифровые технологии, но и местом куда стекаются эксперты в этой области, которые охотно делятся с нами своими знаниями. Как экспертная площадка наша страна ежегодно принимает форумы, встречи, конференции на которых представители мировой цифровой элиты обсуждают важные вопросы этой области.

Международные эксперты отмечают что для инноваций в Казахстане созданы благоприятные условия, а самое главное государство поддерживает молодые проекты в области цифровизации и IT. Поэтому процесс создания информационного общества в республике набирает довольно быстрые темпы, а создание инфраструктуры имеет качественный технологический и законодательный фундамент.

Цифровизация и образование – два тесно связанных понятия. Современные вузы, школы и колледжи по всему миру, хоть и используют бумажные источники в обучении, однако все больше упор делают на создание электронных баз данных, электронных библиотек.

Такие ресурсы – не только удобный и быстрый источник информации для обучающегося, но и идеальная платформа для обмена знаниями и достижениями между учебными, научными организациями и сообществами.

№ J00060. 18.02.2021 жыл.

**Бастауыш сынып оқушыларының
шығармашылық қабілетін дамыту**

КОПБЕРГЕНОВА НУРБИБИ САБЫРБАЕВНА

Маңғыстау облысының білім басқармасының

Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің

«№ 23 жалпы орта мектебі» КММ

Оқу ісінің орынбасары

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі - мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден – бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына қосылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай – ақ рухани жан дүниесі бай, жан – жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу -осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Оқушының шығармашық іс - әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады.

Олар - дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік.

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзіреттілігі арқылы айқындалса, сол құзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық- психологиялық көріністі талап етеді. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

« Қыран – түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз – шәкіртіне талап сыйлайды » деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзешген сияқты.

Еліне қорған, ұлтына қамқор болар ұрпақтың қашанда көңілі ояу, айналасындағы өзгерістерге сын көзбен қарай білуі, пікір, қорытынды айтып, шешім қабылдай алуы қажет – ақ. Міне, бұл биік – оқушының шығармашылығы арқылы келетін іс-ендеше оқушыларды шығармашылыққа баулуды алғаш мектепке келген сәттен бастап – ақ қолға алу керек.

Бастауыш сынып- оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім- үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Дамыта оқытудың ең басты мақсаты- баланы оқыта отырып, оны шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту. Оқушылардың шығармашылық қызығуын ояту, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру өте маңызды іс. Мұндай іс мұғалімнен көп ізденуді талап етеді. Шығармашылық дегеніміз- адамның өмірінде өзін-өзі таңуға ұмтылуы, өз бетінше ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіндеп, өздігінен сапалы дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Шығармашыл адам жаңашыл, ізденімпаз болады, алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында кездескен кедергілерді жеңе алады, үздіксіз ізденіп отырады. И. Д. Левидовтың пікірінше, оқушылардың шығармашылық қабілеттері деп іс-әрекет қорытындысында жаңа бір нәрсені үйренулері және оқушылардың даралық бейімділіктерінің, қабілеттерінің, тәжірибелерінің көрінуі болып табылады. Оқушылардың шығармашылық қабілетін танып білу үшін олардың қабілет деңгейін әр алуан болатынын ескеру керек. Қабілетін анықтау үшін психологиялық тесттер қолдануға болады. Көптеген психологтар оқушылардың жасы өскен сайын нерв жүйелерінің мүмкіндіктері кеңейіп, қалыптастырып отыратындығын, бірақ оқушының дамуы үшін ең қажетті, құнды қасиеттерінің біртіндеп жоғалып отыратындығымен түсіндіре отырып, бала қабілеттерінің дамуы үшін ең қымбатты кезеңді тиімді пайдаланып алуға асығу керектігін ескертеді. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай зейіні тұрақсыз, қабылдау мүмкіндіктері де әр алуан болады.

Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс - әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттің алғашқы белгісі. Сондықтан да біздіңше, балалық кезде ерекше көзге түсетін бейімділіктердің келешекте олардың қабілеттерінің көрсеткіштері екенін ескеріп, оқушылардың бейімділіктерін дер кезінде көре біліп, оларды соған сәйкес қабілеттерді дамыту біздің міндетті борышымыз екенін ұмытпауымыз керек.

МАЗМҰНЫ

- *ДАУЛЕТКУЛОВА ЛЯЗЗАТ АМАНОВНА*
- *БИЖАНОВА ЛАУРА ЖАМБЫЛҚЫЗЫ*
- *САГИНОВА ЖАЙЛАН КУРМАНГАЛИЕВНА*
- *ЖАНАБЕРГЕНОВА КАРЛЫҒАШ ЖУМАЛИЕВНА*
- *ПАРМЕНОВА МЕНТАЙ ТАЖИБАЕВНА*
- *КОПБЕРГЕНОВА НУРБИБИ САБЫРБАЕВНА*